

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Жамбыл облысы

№05/23-135

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, ереже негізінде әрекет ететін аппарат басшысы Сатымқұл Нұрболат Ақынғалиұлы атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП "ДИМАШ", №KZ02TWQ01002020 талоны негізінде әрекет ететін Басшысы Темирова Айнура Нурмахамбетовна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2023-06-27» жыл № 10226322-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша 005-015-149 ;

ерекшелігі бойынша 001-015-149 ;

ерекшелігі бойынша 001-011-149 ;

ерекшелігі бойынша 003-015-149 ;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

1) осы Шарт;

2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 156 267.00 (жүз елу алты мың екі жүз алпыс жеті тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

#### 2.2 Шарт

001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер бюджеттік бағдарламасы, 011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 2 944.00 (екі мың тоғыз жүз қырық төрт тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады;

001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 64 593.00 (алпыс төрт мың бес жүз тоқсан

үш) тенге және он екі тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады. Осы құжаттың негізіндегі құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



каржыландырылады;

003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 4 300.00 (төрт мың үш жүз тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады;

005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 84 430.00 (сексен төрт мың төрт жүз отыз тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 4 688.01 ((төрт мың алты жүз сексен сегіз тенге бір тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 4 688.01 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 206 бұйрығымен

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз

тасығыштағы құжатпен бірдей.



(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұсқа тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.



### 3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.  
Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;
- 4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

- 1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;
- 2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күн ішінде қолданады.



4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) негіз есеп етілетін өндіріс өлшімінне берілісін «ОТ-KZ» Тауардың шығарылған елі

Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін қолданылады.

— 8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.



10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## 11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жамбылская область, Кордайский район,

с.Кордай, ТОЛЕ БИ, 106

БСН 951140000386

БСК KKMFKZ2A

ЖСК KZ11070103KSN2104000

"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ

Тел.: 87263641269

аппарат басшысы Сатымқұл Нұрболат

Ақынғалиұлы

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):

ИП "ДИМАШ"

Жамбылская область, Кордайский район,

с.Кордай, Б.МОМЫШУЛЫ, 49

БСН/ЖСН 760304402439

БСК HSBKCKZX

ЖСК KZ076010161000163021

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ

Тел.: -

Басшысы Темирова Айнура Нурмахамбетовна

Ақынғалиұлы

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



Абревиатураларды таратып жазу:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 10226322-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

| Лоттың №  | Тапсырыс беруші атауы  | Атауы     | Қысқа сипаттама                  | Қосымша сипаттама | Өлшем бірлік | Саны, көлемі | Бірлік бағасы, тенге | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жеткізу орындар   | Аванс төлемінің мөлшері %, % | Жалпы сома, тенге |
|---|--|-----------|----------------------------------|-------------------|--------------|--------------|----------------------|---|--|---|------------------------------|-------------------|
| 1   | 2  | 3         | 4                                | 5                 | 6            | 7            | 8                    | 9   | 10   | 11  | 12                           | 13                |
| <b>005-015-149</b> : Өзге де қорларды сатып алу |  |           |                                  |                   |              |              |                      |   |  |   |                              |                   |
| 58234348-ОИ5                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Күрек     | копалды                          | лопата штыковая   | Дана         | 2            | 1 161.00             | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн                            | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн   | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (2)  | 0                            | 2 322.00          |
| 58243316-ОИ6                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Қолғаптар | қолды қорғауға арналған, матадан | Қолғаптар         | Жұп          | 20           | 108.00               | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн                            | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн   | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (20) | 0                            | 2 160.00          |



|              |  |          |                                      |                         |          |    |          |  |  |   |   |              |
|--------------|--|----------|--------------------------------------|-------------------------|----------|----|----------|--|--|---|---|--------------|
| 58239855-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тоқтетік | ашалы, екі орынды                    | Тоқтетік                | Дана     | 5  | 224.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (5)  | 0 | 1<br>120.00  |
| 58216200-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Әк       | хлорлы, А маркалы, сұрып 1           | известь                 | Бір буда | 10 | 241.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (10) | 0 | 2<br>410.00  |
| 58257922-ОИ3 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Стартер  | люминесценттік шам үшін, қуаты 40 Вт | лампа люмицентная 40 Вт | Дана     | 30 | 536.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (30) | 0 | 16<br>080.00 |
| 58214173-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Ұнтақ    | кір жуатын, арнайы мақсаттағы        | Ұнтақ                   | Дана     | 40 | 224.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (40) | 0 | 8<br>960.00  |
| 58233548-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Күрек    | қалақты                              | Күрек                   | Дана     | 2  | 1 429.00 | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (2)  | 0 | 2<br>858.00  |



|              |  |                         |  |                         |      |    |          |   |   |   |   |          |
|--------------|--|-------------------------|--|-------------------------|------|----|----------|---|---|---|---|----------|
| 58229285-ОИ6 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шүберек                 | шанды жою үшін, трикотажды                           | тряпка для стекол       | Дана | 10 | 358.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (10) | 0 | 3 580.00 |
| 58250306-ОИ6 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Конверт                 | қағазды  | Конверт А4 крафт        | Дана | 50 | 80.00    | келісім шарқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шарқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (50) | 0 | 4 000.00 |
| 58236205-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тырма                   | бақшалы, тістің дөңгелек қимасымен 8-тісті, металлды | Тырма                   | Дана | 2  | 1 786.00 | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (2)  | 0 | 3 572.00 |
| 58215319-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Зарарсыздандырғыш құрал | үй-жайлар үшін                                       | Зарарсыздандырғыш құрал | Дана | 10 | 134.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (10) | 0 | 1 340.00 |
| 58228045-ОИ4 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Ескі-құсқы нәрсе        | мақталы-маталы, тоқылған                             | Ветошь                  | Метр | 50 | 90.00    | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (50) | 0 | 4 500.00 |



|              |  |             |   |                         |      |    |          |  |  |   |   |             |
|--------------|--|-------------|---|-------------------------|------|----|----------|--|--|---|---|-------------|
| 58242648-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Қолғаптар   | қолды қорғауға арналған, латекстен жасалған мата негізі жоқ | Қолғаптар               | Жұп  | 20 | 197.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (20) | 0 | 3<br>940.00 |
| 58224204-ОИ6 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Щетка       | жинау үшін  | Щетка для побелки       | Дана | 5  | 447.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (5)  | 0 | 2<br>235.00 |
| 58245751-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Қозы сарайы | вагон есіктеріне арналған                                   | замки дверные. нарезные | Дана | 5  | 1 250.00 | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (5)  | 0 | 6<br>250.00 |
| 58220281-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Сыпыртқы    | жинау үшін  | веник бытовой           | Дана | 3  | 322.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (3)  | 0 | 966.00      |
| 58221092-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жуу құралы  | әйнектерді және айналық беттерді жууға арналған, сұйықтық   | средство для мытья окон | Дана | 5  | 215.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (5)  | 0 | 1<br>075.00 |



|              |  |                 |  |                     |      |    |          |   |   |   |   |             |
|--------------|--|-----------------|--|---------------------|------|----|----------|---|---|---|---|-------------|
| 58216692-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Сабын           | дәретханалық, қатты                            | дәретханалық, қатты | Дана | 30 | 241.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (30) | 0 | 7<br>230.00 |
| 58235682-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Аша             | төрт мүйізді, металлды                         | Аша                 | Дана | 2  | 1 161.00 | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (2)  | 0 | 2<br>322.00 |
| 58214594-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тазарту құралы  | беткейлерді дезинфекциялау үшін, ұнтақ тәрізді | Тазарту құралы      | Дана | 10 | 233.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (10) | 0 | 2<br>330.00 |
| 58239291-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Сөндіргіш       | автоматтық, бір полкүсті, кернеуі 230 В-тан аз | Сөндіргіш           | Дана | 5  | 491.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн      | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (5)  | 0 | 2<br>455.00 |
| 58254352-ОИ6 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Штрих-корректор | кеңселік                                       | Штрих-корректор     | Дана | 5  | 259.00   | келісім шарқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шарқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (5)  | 0 | 1<br>295.00 |



|   |  |                        |                                     |                                    |           |    |          |  |  |   |   |           |
|---|--|------------------------|-------------------------------------|------------------------------------|-----------|----|----------|--|--|---|---|-----------|
| 58230101-ОИ6                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Өктас                  | ұсақталған                          | известь                            | Килограмм | 10 | 143.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (10) | 0 | 1 430.00  |
| <b>001-015-149</b> : Өзге де қорларды сатып алу |  |                        |                                     |                                    |           |    |          |  |  |   |   |           |
| 58250297-ОИ6                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Бояу                   | алкидті-термополимерлік             | Бояу қара түс                      | Литр      | 2  | 1 250.00 | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (2)  | 0 | 2 500.00  |
| 58232740-ОИ4                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шабдан арба            | теріден                             | Шабдан арба                        | Дана      | 2  | 8 482.00 | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (2)  | 0 | 16 964.00 |
| 56840470-ОИ6                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Конверт                | қағазды                             | Конверт для спецпочты крафтовый А3 | Дана      | 50 | 80.36    | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (50) | 0 | 4 018.00  |
| 58235645-ОИ4                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Газ кілттерінің жинағы | жоғарғы берік алюминий қорытпасынан | Газ кілттерінің жинағы             | Дана      | 1  | 2 053.00 | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (1)  | 0 | 2 053.00  |



|              |  |                  |                              |                             |      |    |          |  |  |   |   |           |
|--------------|--|------------------|------------------------------|-----------------------------|------|----|----------|--|--|---|---|-----------|
| 58249202-ОИ6 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Бояу             | алкидті-термополимерлік      | Бояу қызыл түс              | Литр | 2  | 1 250.00 | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төле би 106 (2) | 0 | 2 500.00  |
| 58234176-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Бұрым            | ауыл шаруашылық, болат       | Бұрым                       | Дана | 1  | 2 232.00 | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төле би 106 (1) | 0 | 2 232.00  |
| 57127536-ОИ6 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тұтқа            | есіктің, металды             | Ручки дверные с сердцевиной | Дана | 10 | 2 500.00 | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (10) | 0 | 25 000.00 |
| 58260408-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жарық диодты шам | цоколь типі E14, қуаты 15 Вт | лампа простая               | Дана | 15 | 223.00   | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (15) | 0 | 3 345.00  |
| 58240180-ОИ5 | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шамшырақ         | үстел үсті, тіреулі          | Шамшырақ                    | Дана | 2  | 1 428.00 | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төле би 106 (2) | 0 | 2 856.00  |



|   |  |          |                          |                   |      |    |          |  |  |   |   |          |
|---|--|----------|--------------------------|-------------------|------|----|----------|--|--|---|---|----------|
| 58231101-ОИ4                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шам      | шамды диодты             | Шам               | Дана | 1  | 3 125.00 | келісім шарқа қол қойған күннен бастап 20 күн  | келісім шарқа қол қойған күннен бастап 20 күн  | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төле би 106 (1) | 0 | 3 125.00 |
| <b>001-011-149</b> : Өзге де қорларды сатып алу |  |          |                          |                   |      |    |          |  |  |   |   |          |
| 58241693-ОИ5                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Бұрағыш  | жазық                    | Бұрағыш           | Дана | 2  | 580.00   | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төле би 106 (2) | 0 | 1 160.00 |
| 58241252-ОИ5                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тістеуік | құрамдастырылған         | Тістеуік          | Дана | 2  | 892.00   | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | келісім шартқа қол қойған күннен бастап 20 күн | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төле би 106 (2) | 0 | 1 784.00 |
| <b>003-015-149</b> : Өзге де қорларды сатып алу |  |          |                          |                   |      |    |          |  |  |   |   |          |
| 58228259-ОИ6                                    | "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шүберек  | шаңды жою үшін, тоқылған | тряпка для уборки | Дана | 20 | 215.00   | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | келісім шарт түзген күннен бастап 20 күн       | Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай а. Төлеби 106 (20) | 0 | 4 300.00 |



## Договор о государственных закупках товаров

Жамбылская область

№05/23-135

Коммунальное государственное учреждение "Аппарат акима Кордайского района Жамбылской области", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает руководитель аппарата Сатымқұл Нұрболат Ақынғалиұлы, действующий на основании положения, с одной стороны и ИП "ДИМАШ", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Темирова Айнура Нурмахамбетовна, действующий на основании Талона №KZ02TWO01002020, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2023-06-27 года № 10226322-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору:

- по специфике 005-015-149 ;
- по специфике 001-015-149 ;
- по специфике 001-011-149 ;
- по специфике 003-015-149 ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 156 267.00 (сто пятьдесят шесть тысяч двести шестьдесят семь тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

